

(Samara, March 2016). - Samara: LLC ASGARD Publishing House, 2016. - S. 1-3. - URL <https://moluch.ru/conf/ped/archive/188/9820/> (date of access: 05.03.2020).

2. Conceptual approaches to the development of inclusive education in the Republic of Kazakhstan. N.d. Retrieved from <http://www.special-edu.kz/normativno-pravovaya%20baza/4/mat001.pdf>

3. Khamidulina, Z. (2018). A Qualitative Study of Parental Perceptions of Inclusive Education in Kazakhstan: The View of Three. NUGSE Research in Education.Vol. 3 No. 2 Retrieved from <https://nur.nu.edu.kz/bitstream/handle/123456789/3730/The%20View%20of%20Three.pdf?sequence=1&isAllowed=y>

FTAMP 03.20

ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ ОРЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Д.Қ.АБЕНОВ, Е.С. ОНАЙБЕРГЕНОВ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация. Мақалада патша өкіметінің халық ағарту саласындағы миссионерлік саясаты қарастырылады. Аралас мектептер мен кәсіптік оқу орындарында орыс алфавитін енгізу арқылы орыстандыру саясатын жүзеге асыру мәселесі қарастырылады. Жалпы миссионерлердің қазақтарды орыстандыру, шоқындыру үшін ұсынған ойлары мен жоспарлары берілген. Қазақ халқын рухани отарлаудың әдіс-тәсілдері көрсетілген.

Түйін сөздер: Рухани отарлау, миссионерлік саясат, түземдік-мектеп, орыстандыру, шоқындыру, идеология, мектеп, тіл, алфавит, дін.

Аннотация. В данной статье рассматривается миссионерская политика царизма в области народного образования. Рассматривается процесс русификации через школ смешанного типа и специальных учебных заведения путем внедрения русского алфавита. В целом даны планы и идеи миссионеров по русификации и крещению казахов. Показаны методы духовной колонизации казахского народа.

Ключевые слова: Духовная колонизация, миссионерская политика, туземная школа, русификация, крещение, идеология, школа, язык, алфавит, религия.

Abstract. This article discusses the missionary policy of tsarism in the field of public education. The process of Russification through mixed schools and special educational institutions by introducing the Russian alphabet is considered. In general, plans and ideas of missionaries for the Russification and baptism of the Kazakhs are given. Methods of spiritual colonization of the Kazakh people are shown.

Keywords: Spiritual colonization, missionary politics, native school, Russification, baptism, ideology, school, language, alphabet, religion.

Қазақстандағы патша өкіметінің орыстандыру, шоқындыру, рухсыздандыру саясатын жүзеге асырудың бір жолы – Ресей империясының Ағарту министірлігі мен шет аймақтағы бұратана халықтар арасында миссионерлік мүддені көздеген аралас мектептерге ерекше мән берілді.

Әкімшілік отарланған халықтарды орыстандырудың шешуші кілті мен нәтижелі құралы – қазақ даласында аралас мектептер мен кәсіптік оқу орындары болуы керек деп түйді. Осы себепті патша үкіметі орыс емес халықтар үшін мектептер ашқанда оларды сауаттандырып, ғылым-білімге тарту үшін емес, керісінше өздерінің күнделікті саяси-әлеуметтік мұқтажына қызмет етер төменгі дәрежелі қызметкерлер даярлау мақсатымен ашып отырған.

Түпкілікті мақсаты шет аймақтарда ашылған мектептердің бәрі де миссионерлік ұстанымда өте құпия деген белгі соғылған Ағарту министрлігінің арнаулы нұсқауында «... народное образование на окраинах русской державы есть своего рода миссионерство ..., миссионерство есть своего рода духовная война, воюющие стороны никогда не разглашают своих планов» [1] -деп, өздері ерте бастан-ақ, алдын-ала ойластырылған, әрі өте сақтықпен жүргізіп келген ағарту жұмысындағы миссионерлік саясатын шама келгенше бұратана халықтардың алдыңғы қатарлы өкілдеріне сездірмеуге тырысқан. Мектеп арқылы жүргізілген миссионерлік әрекеттеріне жамылғы бұркемелеп, елеусіз түрде біртіндеп сіңіруге ұмтылған мақсаттың мән-мағынасын осы құпия нұсқау әйгілеп тұрды.

Патшаның өкіметінің отаршыл аппараты қазақ даласында ашылған Мұғалімдер семинариясы мен орыс-түземдік мектеп дейтін аралас мектептер атаулының бәрін де шамаға қарай миссионерлік ағартушылық мақсатта ұстап отырған. Ал, ресей патшалығына артынан бодан болған Орта Азия халықтары арасында ашылған аралас мектептердің бәрі де осы нұсқау талабы тұрғысынан қызмет атқарғанын «... в Туркестанском крае был намерен держаться обрусительной политики при посредстве русской школы» [2] – деп, атап көрсетуінде де мәселенің саяси төркіні қаншалық тереңдеп жатқанын жасырмайды. Өйткені бұл мәселе мемлекеттік саясат деңгейінде қойылуы себепті. Түркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы фон Кауфманның 1880 жылы 8 қараша күні халық ағарту министріне жолдаған хатында, қазақтарды ислам дінін терең қабылдаған көрші халықтардан бөлек ұстай отырып, орыс жазуы негізінде оқылатын мектеп арқылы тезірек ассимиляциялау міндетін алға қояды.

Бұл жөнінде сол кездің қайран елім, қазағым деп өз халқының тағдыры үшін күрескен қазақ халқының бір туар ұлы С.Асфандияров өз еңбегінде: «Ильминскийдің идеясын былайша көрсетеді: *«Для облегчения принятия «инородцев» христианства более быстрой их руссификации и парализования влияния мусульманства необходимо распространение грамоты на родном языке. Однако, в основу письма должен быть положен русский алфавит. Таким образом, когда ребенок впервые годы обучения овладеет грамотной на родном языке /что ему будет даваться легко/ он впоследствии, при дальнейшем обучении будет легче овладевать русским языком, так как алфавит этого языка ему будет знаком. Таким путем Ильминский рассчитывал вытеснить арабский алфавит, а затем постепенно приучить «инородцев» и к русскому языку.* Другая сторона системы Ильминского

заклучались в соответствующие воспитании молодежи. Он предлагал побольше открыть учительских семинарий, где ученики из «инорцев» должны были воспитываться в духе незыблемых начал самодержавия и православия с тем, чтобы в будущем самим явиться воспитателями своего народа на этих началах. Казахские дети вербовались в учительские семинарии, а в Ташкенте при учительской семинарии был открыт интернат для казахских детей. Во главе этой семинарии стоял известный ученик Ильминского, миссионер Остроумов. Таким образом просвещение проникало в Казахстан под большим контролем правительства. Контигент учащихся подбирался из числа детей султанов аксакалов, биев и т.д. Однако, наряду с этим проникали в школу и дети бедных, особенно на первых порах, вследствие своеобразной «мобилазации» когда, чтобы исполнить волю начальства, приходилась во что бы то не стало поставлять необходимый контигент, причем в таких случаях детьми бедняков заменяли байских сынков» [3] – деп, айтуынан қазақ халқын патша отаршылдарының қалай және қандай саясатпен білім беруге құлшына кіріскендігінің түпкі мақсатын айтпай-ақ түсінуімізге болады.

Патшалықтың осындай сұрқайы ойын архив құжаттарынан да кездестіруге болдаы. Онда 1887 жыл Ақмола облысындағы Шучинск станицасындағы миссионерлік станның қолынан қазақ балаларына арналған пансион мектебі ашылды. Мұнда орысша оқу және жазу, арифметика, ауызша орыс тіліндегі сөйлеуге үйрету, етікшілікке үйрету сабақтары жүргізілді. Осы құжатта 1888 жылы 27-ақпанда мектеп директоры Ақмола облыстық губернаторына берген рапортында мектептің негізгі мақсатын былайша жеткізеді: «Цель открытия пансиона распространение христианского православие между киргизами, чтобы путем грамотности подготовить некоторую благоприятную почву для миссионеров. Киргизским школам для мальчиков и девочек вести набор учеников в пансион в станице Шучинской из детей самых бедных киргиз /джатов/ разными обещаниями и под давлением богатых казахов, у которых родителей бедняков находится в постоянной зависимости и неоплатном долгу» [4] – деп баяндауынан біз мектеп директорының еш бүкпесіз нағыз миссионерлік бағыттағы ашылған мектеп екенін, бұл мектептің негізгі оқушылары кедей балалары екенін байқаймыз.

Сонымен қатар, бұл мектепте балаларға бау-бақшаны қалай күту керек, егінді қалай егу керек деген нәрселерді де үйретті. Бұл тірліктерді көшпенді қазақ халқы үшін бір жағынан пайдалы, екінші жағынан осы мамандыққа қызыққан қазақ балаларын мектепке тартудың бір жолы, яғни қызықтырп шақырып, құлағына православие дінін құюдың бір тәсілі болса керек.

Ресей патшалығының дәстүрлі саясатына айналып, ғасырларға созылып келген шоқындыру, біртіндеп орыстандыру мәселесі, әрине, қай жағынан алып қарасақ та, империяның үстем табы дворян помещиктері мен кулактарының мүддесіне орай жүргізіліп келді. Осы тұрғыдан қарағанда, мемлекет билігінің рухани санасына ықпал етіп отырған

Қасиетті Синод арқылы дін идеологтары, яғни миссионер ғалымдар, өз мақсаттарын жүзеге асыруға қажетті қаражатты керегінше мемлекеттен алып отырған. Мысалы 1897 жылы Торғай облысының губернаторының есебінде Қостанай уезінің Макарьев миссионерлік станының қасынан ашылған миссионерлік бағыттағы интернатта 1897-98 жылдары 40 қазақ балаларының оқитындығын, бұларға облыстық губерниядан әрбір 25 адамға 1607 сом қаржы шығын болғанын айтады. Бұл қаржы мектеп-интернатты алдағы уақытта ұстап тұра алмайтындығын айта келіп, Макарьев ендігі жерде Мәскеудің «миссионерлік қоғамына» облыстық губернияның бөліп отырған қаржысының аз екендігін айта отырып: «... без интернатов школы не удовлетворяют вполне своему назначению» [5]– деп айтуының өзінде үлкен миссионерлік дамудың жатқан баланың әке-шешесі қасында жоқ, екіншіден, тамақ-киіммен қамтамасыз етіп жатырмыз деп бүкіл орыстандырудың тәсілдерін өз білгендерінше қазақ балаларының бойына сіңіріп жатыр.

1876 жылы Орынборда Ағарту министрі граф Толстой қазақтар үшін арабша жазуды орыс графикасына көшіру үшін арнайы мәжіліс шақырып, нақтылы нұсқаулар да берді. Семей генерал-губернаторына жазған N9623 – қатынас қағазында: «...во всех случаях, когда приходится объявлять киргизам распоряжения правительственных мест на киргизском языке, употребляется русский алфавит. Обучение изложению киргизской речи этим же алфавитом вводится, от 4 мая за N26, в киргизских интернатах. Будет время, когда русский алфавит встепи возьмет верх над арабским» [6]– деп, жазуына қарағанда мәселенің түп төркіні граф Толстой ағарту саласында мемлекеттік миссионерлік саясатты жүргізуші қайраткер ретінде берген нұсқаудың сарыны анық аңғарылып тұр деуге келеді.

Ресей патшасы қазақтар ғасырлар бойы қолданып келе жатқан арабша жазуды орыс жазуына ауыстыру туралы жарлыққа 1876 жылы қол қойды. Дәл осы жылы граф Толстой Ыбырай Алтынсаринге орыс алфавитін ешқандай өзгеріссіз сол қалпында қазақ жазуына қолдану жайында кеңесіп, нұсқау берген. Бұл мәселе жайында Ы.Алтынсарин өзінің «Қазақтың облыстық мектептері туралы записка» деген еңбегінде: «...1876 жылы граф Толстой Орынбор қаласына келген кезде ең алдымен талқыға салынған мәселе-қазақ арасына орысша хат таныту жолдары және бұл үшін қазақ тіліне орыс алфавитін қолдануға болатын-болмайтыны туралы мәселе қойылған еді. Бұл мәслихатқа Орынбор өлкесінің бұрынғы генерал-губернаторы Н.А.Крыжановский, Орынбор оқу округінің попичителі Лавровский, Қазандағы оқытушылар семинариясының директоры Илминский және Торғай, Орал облыстарының губернаторлары қатынасты, бұлардың бәрі де орыс алфавитін қазақ тілінде қолдануға әбден болады деген қорытындыға келген едік» [7]– деп жазуы арқылы-ақ жергілікті отаршыл хакімдердің бәрі бас қосып қазақтар қолданып келген араб жазуының орнына орыс

жазуын қолдану туралы көптен бері алдын-ала ойластырылып келе жатқан саяси мақсаттың ең буынды тұсын толық түрде ашып беріп отыр.

Яғни патшаның өзі қол қойып, жарлық берген жылы-ақ оның қазақ даласындағы билеушілері мен миссионерлері сол жылы бұл мәселені жүзеге асыруға нақтылы кірісіп, бір шешімге келуінен көп нәрсенің сыры айқындалып тұр.

Түркістан өлкесінің миссионері Остроумов: *«...сближение туземцов с русским государством и русским народом-велось при посредстве русской транскрипции в основание которой был положен русский алфавит без всяких изменений, дополнений и сокращений»* [8] – деп қазақтарға орыс алфавитін өзгеріссіз, қосымшасыз, қысқартусыз қолдануды талап етуінде де патша үкіметінің ресми талабынан шығып отыр.

1870 жылы Ағарту министрлігінің «Ресейді мекендеген бұратана халықтарды ағарту шаралары жөніндегі заңы» жарияланды. Бұл заңда негізінен Ильминскийдің орыстандыруды көздеген миссионерлік педагогикалық жүйесі ендірілді. Осы заңда орыс емес халықтар үшін үш түрлі категория белгіленді: біріншіден, сабақ өз тілінде, бірақ міндетті түрде орыс алфавитімен оқыту талап етелді. Мысалы, Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептер осы категорияның ішіне кіреді, екіншіден, сабақ таза орыс тілінде жүргізіп, тек сабақ үстінде түсінбеген жерін ана тілінде айтуға рұқсат етіледі де, үшіншіден, сабақ тек орыс тілінде жүріп, ана тілінде сөйлеуге рұқсат етілмейді [9].

1990 жылы 1-шілдеде халықтық училищенің инспекторы Ақмола облыстық әскери-губернаторына құпия түрде ұсынып хат жолдады. Онда: 1870 жылғы 26-наурыздағы заң бойынша христиан дініндегілерге өз алдына, мұсылмандарға өз алдына училищелер ашу керектігін айтыла келе: «бұратала халықтар үшін мектеп пен медресе ашып, оның мұғалімдері орысша білетін болу керек, олар міндетті түрде орыс тілінен сабақ бере алатындай болу керек деген ұсынысын тағы да былайша жалғастырады: *«...основу преподавания в этих школах был положен русский язык как государственный и ка самый надежный проводник в киргизскую среду русской гражданственности и культуры»*-деп. [10].

Сөзімізді қорытындылай келе айтарымыз, патша өкіметі қазақ жерін рухани жағынан отарлауға көшті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Грохов В.М. Реакционная школьная политика царизма в отношении татар. Казань, 1941.
2. Остроумов Н.И. Туркестан – колония //Народное просвещение, 1906, N2 с.10.
3. Хрусталеv А.И. Очерк распространение христианства между иноверцами Казаньского края. Казань, 1874, с 9.
4. Асфендиярова С. История Казахстана. Алма-Ата, -1993.

5. ҚРОМА, 64-қор, 1-тізбе, 2957-іс, 14-п.
6. ҚРОМА, 64-қор, 1-тізбе, 2957-іс, 15-п.
7. ООМА, 175-қор, 1-тізбе, 5а-іс, 7-п.
8. ООМА, 175-қор, 1-тізбе, 2-іс, 11-п.
9. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Алматы,-1988, 133-б.
10. Остроумов Н.П. Отчет Туркестанской учительской семинарии за XX лет ее существования. 30 авг. 1879 г. Ташкент,-1904, с. 25.